



ТАРИХИ ЭТНОЛОГИЯ

Этнология нені зерттейді? Этникалық
айырмашылықты қалай зерттеу
керек?



Мақсаты: Бұл дәрісте біз этнология пәнінің зерттеу нысанына және этникалық айырмашылықтар мәселелеріне қалай қарау керектігін, олардың этникалық бір топқа не қабатына қатысы жоқ, немесе қандай да бір дәуірді сипаттамайтындығын, ол тұтас бір этностың өзіндік бір ерекшелігі болып табылатындығын ұғындыру және қалай қарау керектігін қарастырамыз.

Халықтың қандай белгілері ғасырлар бойы өзгеріссіз, қайсысы өзгермелі екендігін қалай түсінуге болады? Ол үшін этносты статикада емес, динамикада зерттеу керек. Сондықтан этносты зерттеудің жаңа динамикалық әдісі қажет.

Негізгі идея

1. Уақыт өте келе халықтың санасында не өзгереді және не өзгеріссіз қалады?

Алғаш рет «Тарихи этнология» 1997 жылы жарық көрді, кейінірек 2003, 2005 жж. түзетілген, толықтырылған күйде қайта басылып шықты. Дәріс барысында біз ең алдымен этнологияның зерттеу нысанына оның басқа да ғылымдармен байланысыне тоқталып өтеміз, онан кейін дәрістің негізгі мазмұнын құрайтын этникалық мәдениеттің қызмет етуінің (функционирования) әртүрлі аспектілері қарастырылады. Белгілі әлеуметтік ғылымдар тұрғысынан бұл аспектілердің көпшілігін толық ашу мүмкін емес, сондықтан мәдениет жөніндегі кешенді ғылымдар тұрғысынан өзіндік қарастыруды талап етеді.

Енді бірінші дәріс тақырыбына көшейік.

Ең алдымен этнология нені зерттейді? Қазіргі этнологияның негізгі мәселелерін қалай тұжырымдауға болады? Осы мәселелердің бетін ашып алайық.

Қазіргі этнологияның ең бірінші мәселелері:

- Әлемнің этникалық сипаты (картинасы) нені көрсетеді, оның
- өзгерістерінің тегі неде;
- әлемде болып жатқан өзгерістерге сол не басқа мәдениетті
- тасымалдаушы қалай бейімделеді,
- адам қоршаған ортаны қалай қабылдайды, олардың көзқарасынша
- әлемдегі қоршаған дүниенің маңызы қандай;
- этникалық дәстүрлердің қозғалғыш икемділігінің шегі қандай;
- этнос мүшесінің санасында кез келген жағдайда не өзгеріссіз қалады,
- не керексіз болып қалады және ненің түрі өзгереді және қалай өзгереді;
- этникалық мәдениеттегі барлық құрылымды ұстап тұратын
- элементтері аласапыран қоғамдық үдерістер кезеңінде құлаудан не жоғалтудан сақтап қалатын қозғалыссыз жақтары бар ма, және т.б.

Соңғы кезеңде осы проблемалық мәселелер этнологтардың назарында ол бүгінде дамуда. Мәдени антропология концепциясының ең жаңа сөздігінде этнология мынадай түрмен анықталады: «Бұл салыстырмалы пән, оның мақсаты халықтар арасындағы мәдени ерекшелікті (бастапқы және физикалық) сипаттау және бұл ерекшеліктер олардың тарихи дамуындағы реконструкция, миграция және өзараықпалдастық арқылы екендігін түсіндіру». Сонымен, этнология нені зерттейді деп есептелінеді:

- халықтардың материалдық мәдениетін;
- әртүрлі халықтардың әдет ғұрып, сенім нанымдарын;
- әртүрлі халықтардың туыстық жүйесін, рулық қауым жүйесін;
- халықтардың әлеуметтік және саяси құрылымын (отбасылық қатынастарын, билік қатынастарын және т.б.);
- әртүрлі халықтарға тән мінез құлық, тәрбие жүйесін, психологиялық
- ерекшелігін;
- бір халықтың мәдениетінің әртүрлі компоненттерінің өзара
- байланысы мен өзара тәуелділігі;
- әртүрлі халықтардың мәдени белгілері кешенін салыстыру;
- сол не басқа халықтың мәдени белгісінің динамикасын (мәдени өзгерістерін);



Жалпы, «этнология» және «антропология» терминінің синонимдес екендігіне яғни бір мағынада екендігіне қарсы тұруға болады. Этнология пәндік саласы бойынша антропологияға қарағанда кеңдеу. Этногенез, этникалық мәселелер антропологияның назарына ешуақытта түскен емес, ал, этникалық топ, халықтардың орналасуы, демографиялық үдерістермен айналысқан зерттеушілерді антропологтар деп атамайды. Олай болса, антропологияны этнологияның бір бөлігі деп қана қарау керек.

Бұл ұғымдардың арақатынасы тарихы жөнінде қысқаша анықтама келтірейік. Бастапқыда ақ XIX ғ. бірінші жартысында этнология өзінің пәндік саласына физикалық антропологияны енгізді. Бұл этнологияның Париж қоғамы жарғысында көрініс тапты, онда этнологияға адамзаттың нәсілдік ерекшелігін, ақыл ой қабілетінің физикалық құрылымы қырын және адамгершілік қағидалары, сондай ақ дәстүр тілі мен тарихын жатқызды. XIX ғ. ортасынан бастап этнологияны халық жөніндегі, ал антропологияны адам жөніндегі ғылым екендігін жақтайтын қарама қарсы бағыт пайда болады. XIX ғ. екінші жартысында этнологияны антропологияның құрамдас әлеуметтік бөлігі ретінде қарастыру дәстүрі қалыптасты.

Этнология және социология Этнология және мәдениеттану.

Этнос әлеуметтену мен мәдениеттің бірлігі болып табылады, сондықтан да этнология өзінің қызметінде әлеуметтік және мәдени концепцияны пайдаланады. Әлеуметтану және мәдениеттану ұғымдарында этникалық үдерістер көрсетілуі мүмкін. Этникалық үдерістер - дәстүр ұғымы көмегімен жиі сипатталады, бұл жағдайда зерттеушілер үшін оның көрініс табуы мен модификациясы маңызды болып табылады. Этнологияның ерекшелігі жалпыәлеуметтік, жалпымәдени және жалпыэкономикалық заңдылықтардан басқа этностың қызмет ету заңдылығы ерекшелігін де есепке алады. Этнология мәдени дәстүрдің өзгергіштігін және икемділігін қабылдайды, сондай ақ, мәдени дәстүрдің модификациясы кезінде этноста қандай өзіндік үдеріс жүреді деген мәселе де қызықтырады. Дәстүр мен мәдени өзгерістің жалпы теориясына өзінің жаңа ілімінің арнайы тобын толықтырады және дәстүрлілікті тереңдетеді.

Этнология әлеуметтану тәсілдерін қолданады, бірақ социология қоғам мен оның дамуындағы басымдықты қазіргі саяси мәдениеттің құндылығын зерттеу арқылы көрсетсе, этнология әлемнің этникалық бейнесінің қалыптасуындағы құндылық қандай роль атқарады, психологтардың көз қарасы тұрғысынан алғанда олардың орын алмасуы жүреді ме, этностың өз ішіндегі әртүрлі топтарға тән құндылық басымдығының арақатынасының маңызы бар ма деген мәселелерге қызығады. Сонымен этнология дәстүрліліктің құрамдас бір бөлігі, ал дәстүрлілік-этнологияның құрамдас бір бөлігі. Этнология құндылықты зерттеудің құрамдас бөлігіне айналады, ал құндылықты зерттеу – этнологияның құрамдас бөлігі. Сонымен, этнология, мәдениеттану және әлеуметтану пәндерімен қиылысады, бірақ олардың әрқайсысы бұл пәнді жаңа жағынан бір-бірінің тұжырымдамаларымен жетістіктерін байланыстыра отырып зерттейді.

Енді этнология мен басқа да ғылымдардың арақатынасын сапалы қарастыруға көшейік, оның ішінде саясаттану мен этнографияға тоқталсақ, бұл жағдайда этнология:

1. Басқа ғылымдарға материал бола алады, мәселен саясаттануға этнологияның қатысы бар.
2. Басқа ғылымды өзінің қорытындыларымен тұжырымдауы үшін материал ретінде қарастырады, басқа ғылым үшін түсіндіру тетігі болып табылады.

Этнология және саясаттану.

Әртүрлі халықтардың мінез құлқын әдебиетте сипаттау сонау заманнан осы күнге дейін жалғасуда. Мәселен, Византияда император Константин Багрянородтың «Империяны басқару жөнінде» (IX ғ) еңбегі Византияның сыртқы саясаты ең алдымен шекараластарға арналған саясат ретінде құрылды, қазіргі этнологтардың айтуы бойынша Византиялықтар алдымен варварлық тайпалар жөніндегі мәліметтерді жинап жазды, тайпалар мен халықтарды өз ырыққа көндіру үшін олардың алдымен психологиялық ерекшелігімен мінез құлқын білу қажет болды. Осындай жіті жиналған мәліметтер негізінде византия дипломатиясы құрылды. Тек Византия ғана осылай жасап қойған жоқ, тарихтың барлық кезекті сатыларында этнология осы мақсатта пайдаланылды. XX ғ. ортасындағы «ұлттық мінез құлықты» зерттеген ғылыми мектептер тікелей саяси мақсаттар үшін пайда болды.

Этнология және этнография.

Енді біз этнологияны басқа ғылымдар үшін түрлендіретін түсіндіру үлгісі мен теориясы бола алатын



ғылым ретінде қарастырамыз. Ең алдымен этнология мен этнография арасындағы өзіндік қатынастарды айқындау мысалын келтіреміз. Қазіргі этнология өзінің көп бөлігінде мына сапада: жүйелеу тәсілін жасап шығару, этнографиялық материалдарды жинақтау және ұғындыруды көрсетеді. Сонымен, қазіргі этнология этнографияға концептуалды аппарат береді. Этнография көбіне сипаттама беретін ғылым болса, этнология оның теориясы болып саналады.

Этнография мен этнология ұғымдарының синонимі бір деген көз қарас кең таралған, ол Кеңес дәуірі кезеңінде этнография аталды да ал, Батыста мағынасы аса сәйкес емес мәдени антропология деп аталды. Ақиқатында «этнография» термині Батыста да шамамен Ресейде қолданылатын мағынада өмір сүруде. Өзінің пайда болған кезінен ақ зерттейтін нысаны кең пән ретінде мәдени антропологияны ең алдымен халықтық мәдениеттің тұрмыста өмір сүруі мен құрылымын түсіндіретін концепциялар қызықтырды, ал сипаттама түріндегі «далалық» материалдар (қаншама көп болса да) концепцияларды тексеретін құрал ретінде не болмаса материалдарды дәлелдейтін құрал (екіншісі жиірек, біріншіге қарағанда) болды. Этнографиялық материалдар түсіндіру, дәлелдеу (интерпретация) үшін материал ретінде пайдаланылды.

Соңғы кезеңдердегі этнологияға деген мұндай көзқарастар кеңінен таралуда. Мәселен, этнологиялық терминдер жөніндегі соңғы сөздікте, «тар мағынада этнография - сипаттау ерекшелігі, этнология - халықтану теориясы» деп, бекітеді, бірақ бұл тек пайда бола бастаған көзқарас. Осы сөздікке сәйкес «этнологияның негізгі зерттеу пәні үнемі дамудағы этнос теориясы, халықтарды классификациялау принципін анықтау және олардың арақатынасы, сондай ақ эмпирикалық, фактологиялық материалдарды өңдеу тәсілдері мен әдістері» болып саналады.

Енді лекцияларымыздың негізгі мазмұнын құрайтын тарихи этнологияға тоқталайық. Тарихи этнология тарихта халықтардың қызмет етуін түсіндіретін (тарихи фактілерді дұрыс түсіндіру үшін қажет), сондай ақ этникалық мәдениет ғылымы ретінде атап айтқанда: әлемнің этникалық сипаты және онымен байланысты этникалық жүйе үшін өзіндік әрекеттер үлгісі мен өзараықпалдастықты зерттейтін этномәдениеттану ғылымы ретінде ұғынылады. Бұл ғылымдардың барлығы бір-бірімен өте тығыз байланысты.

Алғашқы үш кіріспе лекцияларында тарихи этнология айналысатын өзіндік этнологиялық заңдылықты көрсетеміз, ол үшін қандай әдіс қажет, сол немесе басқа этносқа тән белгілерді қалай анықтауға болады, көптеген қоғам үшін не ортақ соны ашуға тырысамыз. Онан ары қарай әртүрлі этникалық мәдениет өкілдері айырмашылығы мәселелерін мұнда тек өзіндік мәдениет қана емес, психологиялық айырмашылығын ғалымдар қалай қарастырғанына да тоқталамыз. Бұл жерде бізге мәдениет пен мінез құлықтың арақатынасы мәселесі маңыздырақ, себебі, лекция курсына біз негізінен оның психологиялық тасымалдаушыларында этникалық мәдениеттің көрініс табуын қарастырамыз. Осы мақсатпен біз психологиялық антропологияның пайда болуы мен қалыптасуын, оның басынан өткізген жүйелі дағдарысын, (нақтырақ алғанда, американдық антропологтардың мәдениетті түсінгені сияқты) психологиямен бірге қарастыру мүмкін емес дейтін, туындаған тақырыптарды қарастырамыз. Біздің көзқарасымыз бойынша кейбір маңызды міндеттер аралас психологиялық антропологиялық ғылыммен байланыстыра қарауды талап етеді, сондықтан мәдениет пен психологияның өзара байланыстылығы жөніндегі дағдарыстан шығу үшін психологиялық антропологтар ұсынған тәсілдерге жүгінеміз. Онан кейін біз мәдениет пен психологияны бір-бірінен бөлуге болмайтындығын көрсетеміз және философиялық көзқарас тұрғысында, мәдениетке деген интегративті тәсілдер ұстанымымен мәдениет жөніндегі өзіндік концепцияны ұсынамыз. Осыдан кейін ғана этникалық мәдениеттің өзіндік негізін баяндауға көшеміз, теориялық ұстанымдарындағы маңызды тақырыптарын, әлемнің этникалық сипаты (картинасы) қандай, адамзаттың өзараықпалдастығы үлгісі (моделі) тудырған оның тұрақты және ауыспалы құрамдастары, мәдени сценарилер, этностың өмір сүруінің негізі және тұғыры болып саналатын ерекше этномәдени функционалдық қатығыстарды қарастырамыз. Сондай ақ, этностың үлгідегі жоспарлы өмірін, оның өмір сүру шартына қажетті әртүрлі мәдени және құнды басымдықтарға назар аударамыз. Этникалық тарихтағы тұлғалардың ролін, тұрақтылықты ұстап тұруға қабілеттілігін және этникалық жүйенің сапалылығын, этникалық сананы өзгертуге қабілеттілігін қарастырамыз. Осыған байланысты этностың трансформациялану тетігін және этностың өздігінен өзін-өзі құрылымдау құбылысын баяндаймыз. Онан кейін дәстүр қалай қалыптасады: дәстүрлі сана мен дәстүрлі социумға көңіл бөлеміз. Әлеуметтік саладағы этникалық мәдениеттің нақты көрініс табуын қарастырып, соңында этникалық дисфункция тақырыбына тоқталып кетеміз.

Біздің міндетіміз этностың төтенше күрделі организм екендігін, оны жәй бір функцияға жатқызуға болмайтындығын, бірақ оның өмірін анықтайтын көптеген факторларды міндетті түрде есепке алу керектігін көрсету болып табылады.



Енді біз этникалық айырмашылық мәселелерін қай жағынан көру және түсіну және ол мәселеге қалай келу керек екендігін, сол не басқа этностың өзіндік белгілері болып табыла ма, жоқ сол не басқа кезеңді сипаттайтын басқа топқа не тапқа жатама? міне осы сұрақтар төңірегінде қарастырамыз. Халықтың қандай белгілері ғасырлар бойы өзгеріссіз, ал қайсысы өзгеріске ұшырайтындығын қалай түсіндіру керек? Ол үшін этностың статистикасын емес динамикасын зерттеу қажет. Сондықтан этносты динамикалық зерттеудің жаңа әдісі қажет. Халықтың мінез-құлқы әлеуметтік, саяси, табиғи жағдайлармен өзгеріске түсетіндігі дау тудырмайды, оған көптеген мысалдар келтіруге болатындығын біз білеміз. Сонымен қатар әлемді түсіну, өзінді сол әлемде танумен бірге өзіндік сана да өзгереді. Дегенмен де әрбір халықтың өмірі өзгеріске ұшырағанмен өз-өзі болып қалатындығы да даусыз және де бүгін көріп отырған бала әкесінің, немере өзінің атасының ұрпағы екендігіне ешкім күмән тудырмайды. Себебі олар бір тілде сөйлегендіктен бе? Себебі, сол баяғы дәстүрді жалғастырғандықтан ба? т.с.с. Уақыт өте келе халықтың санасы өзгере ме және не өзгеріссіз қалады? Халық 2-3 ұрпақта тез әрі қайта туылған сияқты болған жағдайда не өзгеріссіз қалады? Бұл жерде біз қойып отырған мәселе бір қарағанда оңай көрінгенмен өте күрделі сұрақ. Ұлттық мінез-құлық, әлемнің этникалық сипаты, этникалық менталитет шын мәнінде бар екендігін және оларды ғылыми түрде тіркеу мүмкін екендігін ғылыми түрде дәлелдеу мүмкін емес. Әртүрлі формада көрініс табатын этникалық ерекшеліктің болуы – ақиқат, ешқандай дау тудырмайды. Әртүрлі ұлт өкілдерінің кейбір мінез-құлқында ортақтық бар екендігі дау тудырмайды, егер ғалымдар арасында «кейбір мінез құлық» белгілерінің ұқсастығы жөнінде аз ғана болса да келісім болса, аталған ұғым кеңінен таралар еді.

2. Халықтар бір-бірінен ерекшеленеді, бұл факт, бірақ бұл айырмашылықтар ұлттық болып табылмайды.

Халықтардың әртүрлі екендігіне ешкім шүбә туғызбайды. Бірақ сол айырмашылықтар қаншалықты ұлттық екендігі, яғни тұтас этностың, ұлттық халықтық сипатын айқындайтындығы әлі күнге дейін анық болмай отыр. Және де антропологтар кез-келген этностың ұлттық мінез құлқын бөліп көрсетуге қабілетсіз екендігін мойындап отыр. Дегенмен де, сол не басқа құбылысты іріктеп алу мүмкіндігі ғалымның мәселені қалай қоюына байланысты. Сондықтан, ең алдымен, ғылыми тұрғыдан бекітілуі мүмкін ұлттық сипаттың ерекшеліктерін анықтау міндет.

Халықтың сол немесе өзге белгілерін жәй сипаттау – көп нәтиже бермейді. Бірақ әртүрлі зерттеушілер берген сол не өзге этностың мінездемесі кейде кереғар болып келеді. Зерттеушілердің қателігі ақпарат берушілерді өзіндік іріктеумен, сондай ақ зерттелетін мәдениетке субъективті тәсілмен қараумен түсіндіріледі. Бірақ субъективті қабылдауда барлығы зардап шегеді. Мұнан сипаттау тәсілі құндылығы барлық уақытта күмәнді ма деуге бола ма? Алайда олай емес. Халықтың психологиясы мен тұрмысы жөніндегі кез келген сипаттауды антропологтар пайдалана алады, мысалы екінші ақпарат дерек ретінде. Егер ғалымда белгілі бір уақыт кезеңінде зерттелетін халық жөнінде бірнеше сипаттама болса, онда олар көлемді қызықты суреттемені көрсетуге мүмкіндігі болады.

3. Халықтардың айырмашылығы уақыт өте келе өзгеруі мүмкін.

Бірақ бұл жерде динамика жөнінде еске алу қажет. Бір кездерде сол не өзге халыққа тән белгілер уақыт өте келе біршама өзгеруі мүмкін. Егер немістер XVIII ғасырда тек романтик және арманшыл халық ретінде қабылданса, ал, XIX -XX ғғ. олар беделі берік, ақыл парасатты, іскер халық деп қарады. Ұлтшылдықты зерттеуші белгілі Ганс Конның пікірінше, әңгіме немістердің қандай екендігін қабылдауда емес, халықтың берілген мінез-құлқындағы өзгерістерде болып тұр. Сонымен халықтың өзгеріссіз екендігін жәй бақылаумен ешқашан да бізге ұқтыра алмайды, тек жағдайға байланысты өзгеретіндігін ғана көрсете алады.

4. Оның ұлттық сипаты туралы оның элитасының идеяларын негізге ала отырып, қорытынды жасауға бола ма?

Зерттеулердегі «ұлттық мінез-құлық» сол не өзге халық мәдениетінің жемісі екендігі жөніндегі зерттеулермен жиі байланыстырып келді. Мұндай зерттеулерге Альфред Фульенің жұмыстары жағдайды, ол халықты түсіну үшін олардың көрнекті өкілдерінің дүниетанымын жеткілікті түсіну қажет, өйткені ол барлық халықтың дүниетанымымен байланысты және айқын түрде көрініс береді деп санады. Мысалы, орыстың ішкі дүниесі Ф.М. Достоевскийдің романдарына негізделді.



Мұндай тәсілдің негізгі кемшілігі, зерттеуші халықтың элитасының психологиясын ғана біледі де, оларды «ұлттық мінез құлықтың» өкілдері деп қарайды. Бірақ, элита өзіне халыққа тән барлық құндылықты тұтастай, анық және толығымен (ол өзі міндетті емес) сіндіргенмен, ол бізге ұлттық мінез құлық жөнінде айтуға жеткілікті негіз бола алмайды. Этностың элитасы мен жәй адамдарының арасындағы құндылық әртүрлі болуы әбден мүмкін. Немесе Гегелдің логика жөніндегі ілімін ұлттық неміс логикасы деп қабылдау алдамшы емес пе, неміс шаруаларына да сәйкес логика деп қарау да күмәнді.

5. Мәдениет-бірыңғай дүниежүзілік прогресс ретінде. XIX ғасырдың ойшылдарының танымал идеясы.

XIX ғ. бойы, оның идеологиялық қағидалары және прогрессивті концепциялары мәдениетті бірыңғай әлемдік үдеріс ретінде қарады. Бұл ретте бір саты басқа сатыға өтеді деп, мәдениеттегі айырмашылық – бұл тек дамудың әртүрлі сатысы ғана, себебі, барлық мәдениет әртүрлі уақытта болса да өзіне сәйкес біртепті кезеңдерден міндетті түрде өтеді, деп түсіндіреді. Мұндай жағдайда әрбір мәдениеттің ерекшелігін және қайталанбайтындығын көрмеу мүмкін емес. Енді пайда болған мәдени антропология бұл дәстүрді күрт бұзып, басқа арнаға түседі. Әрбір халықтың мәдениеті уақыт-кеңістігі түйісінен шығарылған сияқты. Ол ұрпақтан ұрпаққа аса өзгеріссіз өзіндік берілетін қасиет ретінде қарастырылады. Мұндай тәсілдің мөрі әлі күнге дейін мәдени антропологияда сезіледі: мәдениет ереже бойынша белгілі уақыт кесіндісінде зерттеледі.

Мәдениетке деген мұндай көзқарас көп нәрсені берді, бірақ ол дәстүрдің дихотомиясын – модернизацияны туғызды. Дәстүрлі мәдениет қирауда және ол қайтарымсыз өткенге кетуде, деп сенді. Оның орнына бүгінгі әлемнің ақиқатына жауап бере алатын жаңа, жаңғырған, функционалды мәдениет келеді. Бірақ, сыртқы бақылаушыларға маңызды болып саналатын барлық қозғалыстар зерттелетін мәдениеттің терең қабатын қозғауы мүмкін бе?

Әртүрлі мәдениеттерді зерттеудегі әлемнің этникалық көрінісіндегі өте үлкен өзгерістер мен ауысулар этнос үшін өте ауыртпалықсыз өтеді. Тек уақыт пен кеңістікті басынан өткерген халықтың кейбір мәдени трансформациясын қадалағанда этнос әлемі сипатындағы азғантай белгілер аталған мәдениетте құрылымды құраушы роль атқаратындығын түсінуге болады. Этникалық ерекшелікті жиі зерттеу халықтың құндылығын зерттеуге ауысады. Бұл салыстырмалы түрде алғанда мәдениетті зерттеудің жәй тәсілі және этникалық айырмашылықтың мәнді жағын көрсетеді. Бірақ бұл жеткілікті ме? Әдістің кемшілігі сонда, зерттеуші неге осындай нәтиже алынды және ол нені білдіретіндігін барлық уақытта түсіндіре алмайды. Бірақ, ең бастысы, бұл әдіс мәдениеттің белгілі бір уақытын бейнелейді. Бұл статистикалық әдіс, халық тарихындағы айырмашылықтардың сақталуы немесе олар уақытша құбылыс па екендігін анықтау.

6. Динамикалық зерттеу әдісінің мәні неде?

Динамикалық зерттеудің міндеті: зерттеуші мәдениеттің қандай да бір ерекшеленетін өзгеріссіз жақтарын, не этникалық мәдениеттің әртүрлі модификациясында әртүрлі құндылықтармен негізделгендігін анықтайтын халықтың психологиясын табу керек.

7. Динамикалық зерттеудің міндеттері және мәдени константалар түсінігі.

Мұндай өзгеріссіз жақтарын біз мәдени тұрақтылар (констант) деп атаймыз. Мәдени тұрақтыларды барынша айқын көрсететін салалар әр халықтың өзінікі және мүлдем ұқсамайтын болуы мүмкін. Бірақ мәдениетті зерттеуге қалай кірісуге болады, егер бастапқыда осы негізгі мәдени элементтерді біртіндеп жарыққа шығаруға болатын жіпті анықтау мүмкін болмаса?

Келесі негізгі қағидалардан бастаймыз.

Біз әрбір мәдениет ішіндегі мәдени тұрақтылар тұрақты деп болжаймыз; әртүрлі мәдениеттердің алуан түрлілігін анықтайтын нақты мәдениет ерекше екендігіне сенімдіміз; біз ең алдымен өзіміздің интуициямызға сүйенеміз, бастапқыда ақ мәдениеттен біз өзімізге тән ерекшелік пен өзімізді іздейміз; олардың мәдениеттерінің әртүрлілігін анықтауда әрбір нақты мәдениет өзгеше екеніне сенімдіміз; ақиқатында, сол мәдениеттің ерекшелігі, біз үшін күтпеген және ерекше болуы мүмкін. Сонда бізде келесідей сұрақтар туындайды: неге олар солай сөйлейді; солай істейді; өздерінің әрекетін олар қалай түсіндіреді; неге олар мұны басқаша түсініп оған ренжиді; олардың логикасының артында не бар?

Әрине, олардың барлығы бізге ерекше көрінбеуі мүмкін, мәдениеттің құрылымын құрайтын элементке



қатысы бар, бірақ оларға қатыстысының кейбірі бізге ерекше көрінуі мүмкін. Оның себебі, бізге тән емес, біздің мәдениетімізде жоқтығымен түсіндіріледі. Алғашқы ізденістің құралы тек біреу - ол сол не басқа мәдениеттің күйін келтіретін зерттеуші-адамның ішкі дүниесі. Сонда ғана жаңа мәдениет тұрақтылығы модификациясын іздеу үдерісінде тіпті соқыр не механикалық іздеу болмайды, біз қай жерде және қай элементі көрініс беруі мүмкін екендігін алдын ала түйсікпен болжап отырамыз.

Бұл жерде зерттеуші басқа этнос адамдарының ойлау логикасын әлемді солардың көзқарасымен қарай отырып елестетеді. Ол өзінің санасында зерттеліп отырған этностың әлеміне сәйкес әлемнің үлгісін құруға тырысады.

Негізгі терминдер: Тарихи этнология, этнос, мәдениет, этникалық айырмашылық, ұлттық мінез құлық, мәдени константалар, зерттеудің динамикалық әдісі.

Дәрістер тақырыбы бойынша қосымша ресурстар

1. Абрамян Э.Г. (1978) Инновация и стереотипизация как механизмы развития этнической культуры / Методологические проблемы этнических культур: Материалы симпозиума. Ереван: Изд-во АН Арм. ССР.
2. Арутюнов С.А. (1989) Народы и культура: Развитие и взаимодействие. М.: Наука.
3. Бенедикт Р. (2007) Хризантема и меч. Модели японской культуры. М.: Наука.
4. Бенедикт Р. (1997) Психологические типы в культурах Юго-Запада США // Антология исследований культуры. — М.: Университетская книга.
5. Боас Ф. Ум первобытного человека. М.-Л., 1926.
6. Боас Ф. (1997) Границы сравнительного в антропологии // Антология исследований культуры. СПб.: Университетская книга.
7. Боас Ф. (1997) История и наука в антропологии. // Антология исследований культуры. СПб.: Университетская книга.
8. Боас Ф. (1997) Методы этнологии. // Антология исследований культуры. СПб.: Университетская книга.
9. Боас Ф. (1997) Некоторые проблемы методологии общественных наук. // Антология исследований культуры. СПб.: Университетская книга.
10. Боас Ф. (1997) Эволюция или диффузия. // Антология исследований культуры. СПб.: Университетская книга.
11. Быховская И.М. (2005) Основы культурологии. М.: ACADEMIA XXI.
12. Дейк Т.А. ван. Язык. (1989) Познание. Коммуникация. М: Прогресс.
13. Леви-Брюль Л. (2015) Первобытное мышление. М.: Академический проект.
14. Леви-Брюль Л. (2015) Сверхъестественное в первобытном мышлении. М.: Академический проект.
15. Леви-Брюль Л. (2010) Первобытная мифология. М.: КРАСАНД.
16. Коул М. (1995) Культурные механизмы развития // Вопросы психологии. № 3.
17. Коул М. (1996) Культурно-историческая психология. М. Когито-центр.
18. Культурология. Фундаментальные основания прикладных исследований. (2010) Под ред. И.М. Быховской. М.: Смысл.
19. Культурология. XX век. Энциклопедия. (1998) Под ред. С.Я. Левит.— СПб.: Университетская книга; ООО “Алетейя”.
20. Лурье С.В. (2005) Историческая этнология. Москва: Академический проект.
21. Лурье С.В. (2004) Психологическая антропология. М.: Академический проект.
22. Лурье С.В. (1994) Метаморфозы традиционного сознания. СПб.: Типография им. Котлякова.
23. Лурье С.В. (2017) Культура и ее сценарий: имплицитный обобщенный сценарий как внутрикультурный интегратор // Общественные науки и современность. № 2.
24. Маркарян Э.С. (2014) Избранное. Наука о культуре и императивы эпохи. Санкт-Петербург: Центр гуманитарных инициатив Университетская книга Москва.
25. Маркарян Э.С. (1989) Проблема целостного исследования культуры в антропологии США. // Этнология в США и Канаде. М.: Наука.
26. Маркарян Э.С. (1981) Узловые проблемы теории культурной традиции // Советская этнография. № 2.
27. Маркарян Э.С. (1978) Культурная традиция и задача дифференциации ее общих и локальных



- проявлений / Методологические проблемы этнических культур: Материалы симпозиума. Ереван: Изд-во АН Арм. ССР.
28. Маркарян Э.С. (1978) Об исходных методологических предпосылках исследования этнических культур / Методологические проблемы этнических культур. Материалы симпозиума. Ереван: Изд-во АН Арм. ССР.
 29. Маркарян Э.С. (1977) Интегративные тенденции во взаимодействии общественных и естественных наук. Ереван: Изд-во АН Арм. ССР.
 30. Мид М. (1988) Культура и мир детства. М., Наука.
 31. Надирашвили Ш.А. (1978) Психология пропаганды. Тбилиси: “Мецниереба”.
 32. Прикладная культурология. Энциклопедия. (2019) Сост. и науч. редактор И.М. Быховская. М.: ООО «Издательство «Согласие».
 33. Режабек Е.Я., Филатова А.А. (2010) Когнитивная культурология. СПб., Алетейя.
 34. Узнадзе Д.Н. (1961) Экспериментальные основы психологической установки. Тбилиси: Издательство АН Гр. ССР.
 35. Чистов К.В. (1981) Традиция, «традиционное общество» и проблема варьирования // Советская этнография. № 2.
 36. Флиер А.Я. (2009) Культурология для культурологов. М., МГУКИ.
 37. Флиер А.Я. (1995) Культурогенез. М.: Российский институт культурологии.
 38. Эйзенштадт, Ш. (2010) Срывы модернизации. // Неприкосновенный запас. № 6.
 39. Эйзенштадт, Ш. (1999) Революция и преобразование обществ. М., «Аспект-Пресс».
 40. Ш. Эйзенштадт. О неопределенности термина «традиция». (Электронный ресурс). <https://cyberpedia.su/3x6f1f.html>
 41. Barrett S. (1984) *The Rebirth of Anthropological Theory*. Toronto, Buffalo, L.: Univ. of Toronto Press.
 42. Bock Ph.K. (1980) *Continuities in Psychological Anthropology*. San Francisco: W. H. Freeman and Company.
 43. Boesch E. (1991) *Symbolic Action Theory and Cultural Psychology*. Berlin, Heidelberg, NY, L., Paris, Tokyo, Hongkong, Barselona, Budapest: Springel-Verlag.
 44. Benedict R. (1934) *Patterns of Culture*. Boston and New York: Houghton Mifflin Company.
 45. *Cultural Theory. Essays on Mind, Self, and Emotion*. (1984) Shweder R., LeVine R. (eds.) Cambridge, L., NY., New Rochelle, Melbourne, Sydney: Cambridge University Press.
 46. D’Andrade R. (1995) *The Development of Cognitive Anthropology*. New York: Cambridge University Press.
 47. D’Andrade R. (1992) *Cognitive Anthropology*. In: *New Direction in Psychological Anthropology*. Schwartz Th., White G. M., Lutz C. A. (eds.) Cambridge: Cambridge University Press.
 48. D’Andrade R. (1992) *Schemas and Motivation*. In: D’Andrade R., Strauss C. (eds). *Human Motive and Culture Models*. Cambridge: Cambridge University Press.
 49. D’Andrade, R. (1984) *Cultural Meaning Systems*. In: Shweder R. A., LeVine R. A. (eds.) *Cultural Theory. Essays on Mind, Self, and Emotion*. Cambridge, L., NY., New Rochelle, Melbourne, Sydney: Cambridge University Press.
 50. D’Andrade R. (1981) *The Culture Part of Cognition // Cognitive Science*. № 5.
 51. Dubois C. (1944) *The People of Alor: a Socio-Psychological Study of an East Indian Island*. Minneapolis: University Minnesota Press.
 52. Duijker H.C.J., Frijda N.H. (1960) *National Character and National Stereotypes: Confluence*. Amsterdam: North-Holl Publishing Company.
 53. Eisenstadt Sh. (2006) *The Great Revolutions and the Civilizations of Modernity*. Brill.
 54. Eisenstadt Sh. (2004) *The Civilizational Dimension of Modernity (англ.)* In: S.A. Arjomand, E.A. Tiryakian. (eds.) *Rethinking Civilizational Analysis*. Sage Publication Ltd.
 55. Eisenstadt Sh. (1992) *Frameworks of the Great Revolutions: Culture, Social Structure, History and Human Agency // International Social Science Journal*. Vol. 44. № 133.
 56. Eisenstadt Sh. (1973) *Tradition, Change, and Modernity*. New York, Sydney, Toronto: John Wiley.
 57. Ewing K. (1992) *Is Psychoanalysis relevant for Anthropology*. In: Schwartz Th., White G., and Lutz C. (eds.) *New Direction in Psychological Anthropology*. Cambridge University Press.
 58. Geertz C. (1984) “From the native’s point of view”. *On the Nature of anthropological Understanding*. In: Shweder R. A., LeVine R. A. (eds.) *Cultural Theory. Essays on Mind, Self, and Emotion*. Cambridge, L.,



- NY., New Rochelle, Melbourne, Sydney: Cambridge University Press.
59. Harkness S. (1992) Human Development in Psychological Anthropology, In: Schwartz Th., White G., and Lutz C. (eds.) New Direction in Psychological Anthropology. Cambridge University Press.
 60. Holland D. (1992) The Woman who Climbed up the House: Some Limitations of Schema Theory. In: Schwartz Th., White G., Lutz C. (eds.) New direction in Psychological Anthropology. Cambridge: Cambridge University Press.
 61. Human Motive and Culture Models. (1992) D'Andrade, R., Strauss, C. (eds). Cambridge: Cambridge University Press,.
 62. Jahoda G. (1981) Psychology and Anthropology. A Psychological Perspective. L., NY etc: Academic Press.
 63. Inkeles A. (1997) National character. Transaction Publishers.
 64. Inkeles A., Levinson D. (1969) National Character: The study of Modal Personality and Sociocultural Systems. In: Lindzey C. and Aronson E. (eds.). The Handbook of Social Psychology. Vol. IV. Massachusetts (Calif.), London, Ontario: Addison-Wesley.
 65. Kardiner A., Lipton R. (1945) The Individual and His Society. New York: Columbia University Press.
 66. LeVine R. A. (1984) Properties of Culture. An Ethnographic View. In: Shweder R. A., LeVine R. A. (eds.) Cultural Theory. Essays on Mind, Self, and Emotion. Cambridge, L., NY., New Rochelle, Melbourne, Sydney: Cambridge University Press.
 67. Lourie S. V. (2017) The Revival of Psychological Anthropology: a New Understanding of Interrelation Between Cultural and Psychological By Virtue of Cognitive Anthropology and Cultural Psychology. Journal of Siberian Federal University. Humanities & Social Sciences V. 10, № 7.
 68. Lourie S. V. (2016) Culture as a field of human action (The experience of constructing a theory of cultural constants and implicit generalized cultural script) // Journal of Siberian Federal University. Humanities & Social Sciences. V. 9, № 4.
 69. Markarian E.S. (1992) Tradition as an Object of System Study // World Futures. V. 34.
 70. Markarian E.S. (1998) Capacity for World Strategic Management. Yerevan: Gitutgun.
 71. Mead M. (1959) An anthropologist at work: Writings of Ruth Benedict. — Boston: Houghton Mifflin Company.
 72. Miller J. (1993) Theory of Developmental Psychology. NY: Freeman.
 73. Nelson K. (1981) Cognition in a Script Frammework. In: J.H. Flavell and L. Ross (eds.) Social Cognitive Development. Cambridge: Cambridge University Press.
 74. New direction in Psychological Anthropology. (1992) Schwartz Th., White G., Lutz C. (eds.) Cambridge: Cambridge University Press.
 75. Norman D. (1975) Explorations in cognition. San Francisco: Freeman.
 76. Redfield R. (1956) Peasant Society and Culture: An Anthropological Approach to Civilisation. Chicago.
 77. Romney A., Weller S., Batchelder W. (1986) Culture as Consensus: A Theory of Culture and Informant Accuracy // American Anthropologist. № 88.
 78. Rouce A.P. (1982) Ethnic Identity: Strategies of Deversity. Bloomington.
 79. Schwartz Th. (1992) Anthropology and Psychology. In: Schwartz Th., White G., Lutz C. (eds.) New direction in Psychological Anthropology. Cambridge: Cambridge University Press.
 80. Schwartz Th. (1989) The Structure of National Cultures. In: Funke P. (ed.) Understanding Of USA: A Cross-Cultural Perspective. Tubengen: Gunter NarrVerlal.
 81. Schwartz Th. (1978) Where is the culture? In: Spindler G (ed.) The Making of Psychological Anthropology. Berkeley: University of California Press.
 82. Shils E. (1961) Centre and Periphery // Polanyi M.(ed.). The Logic of Personal Knowledge: Essays. London: Routledge & Kegan Paul.
 83. Shils E. (1981) Tradition. London; Boston.
 84. Shore B. (1991) Twice-Born, Once Conceived: Meaning Construction and Cultural Cognition. // American Anthropologist. Vol. 93, No 1, March
 85. Shweder R. (1991) Thinking Through Cultures. Cambridge (Mass.), London (England): Harvard University Press.
 86. Shweder R. (1990) Cultural psychology – What is it? In: Stigler J., Shweder R., Herdt G. (eds.) Cultural psychology: Essays on comparative human development, New York: Cambridge University Press.
 87. Shweder R. (1984) Anthropology's Romantic Rebellion against the Enlightenment, or There's more to Thinking than Reason and Evidence. In: Shweder R., LeVine R. (eds.) Cultural Theory. Essays on Mind,



Кітап: Тарихи этнология

Дәріс: Этнология нені зерттейді? Этникалық айырмашылықты қалай зерттеу керек?

- Self, and Emotion. Cambridge, L., NY., New Rochelle, Melbourne, Sydney: Cambridge University Press.
88. Simon H. (1981) Sciences of the artificial. Cambridge. MA: MIT Press.
 89. Skinner Q. (1985) The Return of Grand Theory in the Human Sciences. Cambridge University Press.
 90. Spiro M. (1984) Some reflections on Cultural determinism and relativism with Special Reference to Emotion and Reason. In: Shweder R., LeVine R. (eds.) Cultural Theory. Essays on Mind, Self, and Emotion. Cambridge, L., NY., New Rochelle, Melbourne, Sydney: Cambridge University Press.
 91. The Making of Psychological Anthropology. (1978) Spindler G. (ed.) Berkeley: University of California Press.
 92. White G., Lutz C. (1992) Introduction. In: SchwartzTh., WhiteG., Lutz C. (eds.). New direction in Psychological Anthropology. Cambridge: Cambridge University Press.
 93. White G. (1992) Ethnopsychology. In: SchwartzTh., WhiteG., Lutz C. (eds.). New direction in Psychological Anthropology. Cambridge: Cambridge University Press.
 94. Wartofsky, M. (1979) Models Representation And The Scientific Understanding. Dordrecht: Holland / Boston: USA / L.: England: D. Reidel Publishing Company.